| e) | совершение оплаты любой суммы за Поставку.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Жеткізу үшін кез келген соманы төлеуі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | payment of any sums for the Supply.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |

## 25 ПРАВО УДЕРЖАНИЯ И ОБРЕМЕНЕНИЕ ИМУЩЕСТВА / ҰСТАП ҚАЛУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МҮЛІККЕ АУЫРТПАЛЫҚ САЛУ / LIENS AND ENCUMBRANCES ON PROPERTY

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 25.1 | Поставщик заверяет и гарантирует, в дополнение к Статье 8.2, что он будет своевременно производить выплаты всем сотрудникам, Субпоставщикам и другим кредиторам с тем, чтобы такие сотрудники и Субпоставщики не предъявляли претензий по востребованию оплаты или наложению ареста или Обременения на собственность любой из Сторон.                                                                                                                                                                                  | Жеткізуші 8.2-бапқа қосымша, ол барлық қызметкерлерге, Қосалқы жеткізушілерге және басқа да кредиторларға осындай қызметкерлер мен Қосалқы жеткізушілерге төлемді талап ету немесе тыйым салу немесе Тараптардың кез келгенінің меншігіне Ауыртпалық салу бойынша талап қоймау үшін төлемдерді уақытылы жүргізетінін растайды және кепілдік береді.                                                                                                                                                               | The Supplier represents and warrants that, in addition to Clause 8.2, it shall timely pay all employees, Sub-suppliers and other creditors to ensure that such employees and Sub-suppliers do not file payment claims against, or attach or place an Encumbrance on property of, any Party.                                                                                                                                                                                 |
| 25.2 | В случае нарушения заверений, изложенных в Статьях 8.2 и 24.1, Поставщик обязан i) урегулировать все материальные или нематериальные Претензии и иски самостоятельно и за свой счет и ii) возместить Покупателю любые убытки, потери или расходы, связанные с Претензиями или Обременениями, наложенными на собственность любой из Сторон, в той мере, в которой они не были компенсированы ранее. Данные средства правовой защиты не ограничивают другие средства правовой защиты Покупателя, изложенные в Статье 28. | 8.2 және 24.1-баптарда жазылған растаулар бұзылған жағдайда, Жеткізуші i) барлық материалдық немесе материалдық емес Шағымдар мен талап-арыздарды өз бетінше және өз есебінен реттейді және ii) Сатып алушыға Тараптардың кез келгенінің меншігіне салынған Шағымдармен немесе Ауыртпалықтармен байланысты кез келген залалдарды, ысыраптарды немесе шығыстарды олар бұрын өтелмеген мөлшерде өтейді. Осы құқықтық қорғау құралдары 28-бапта айтылған Сатып алушының басқа құқықтық қорғау құралдарын шектемейді. | In the event of breach of warranties set out in Clauses 8.2 and 24.1, the Supplier shall i) settle all material or non-material Claims and lawsuits by itself and at its own expense and ii) compensate the Buyer for and against any and all damages, losses or expenses relating to Liability or Encumbrances placed on property of any Party, to the extent not extinguished earlier. These remedies do not limit other remedies available to the Buyer under Clause 28. |
| 25.3 | Поставщик отказывается от всех прав удержания имущества Покупателя в связи любыми Поставками, осуществляемыми в пользу Покупателя.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Жеткізуші Сатып алушының пайдасына жүзеге асырылатын кез келген Жеткізулерге байланысты Сатып алушының мүлкін ұстау бойынша барлық құқықтарынан бас тартады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | The Supplier waives all rights of lien against the property of the Buyer for any and all Supply provided to the Buyer.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |

## 26 ПРИОСТАНОВКА ИСПОЛНЕНИЯ ДОГОВОРА / ШАРТТЫ ОРЫНДАУДЫ ТОҚТАТА ТҰРУ / SUSPENSION OF PERFORMANCE

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 26.1 | Покупатель имеет право приостановить всю или часть Поставки на такой срок или сроки и в таком порядке, и по такой причине, которые Покупатель по своему полному усмотрению может посчитать необходимыми. Приостановка выполнения Поставки вступает в силу с момента получения Поставщиком Уведомления о такой приостановке Поставщику. | Сатып алушы Жеткізілімнің барлығын немесе бір бөлігін осындай мерзімге немесе мерзімдерге және осындай тәртіппен және Сатып алушы өзінің толық қалауы бойынша қажет деп санайтын себеппен тоқтата тұруға құқылы. Жеткізуді тоқтата тұру Жеткізушіге осындай тоқтата тұру туралы Хабарламаны Жеткізуші алған сәттен бастап күшіне енеді. | The Buyer may suspend all or part of the Supply for such time or times and in such manner and for such reason as the Buyer in its absolute discretion may consider necessary. Any such suspension shall be effective upon the Supplier's receipt a Notice of such suspension to the Supplier. |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 26.2 | За исключением любых вычетов, возмещаемых издержек или взаимозачетов, предусмотренных настоящим Договором Поставки, Поставщик имеет право на получение возмещения всех документально подтвержденных прямых затрат и расходов, связанных с такой приостановкой, при условии, что Поставщик приложил все разумные усилия для предотвращения или снижения негативных последствий приостановки, которые могут возникнуть в отношении Субпоставщиков и Поставки.                                               | Осы Жеткізу шартында көзделген кез келген шегерімдерді, есепке алынбаған қосымша шығыстарды немесе өтемақыларды қоспағанда, Жеткізуші Қосалқы жеткізушілерге және Жеткізуге қатысты туындауы мүмкін тоқтата тұрудың теріс салдарларын болдырмау немесе азайту үшін барлық күшін салған жағдайда, Жеткізушінің осындай тоқтата тұруға байланысты барлық құжатпен расталған тікелей шығындар мен шығыстардың өтемін алуға құқығы бар.                                                                | Except for any deductions, back charges or setoffs permitted under this Purchase Order, the Supplier shall be entitled to reimbursement of all documented direct costs and expenses associated with any such suspension, provided the Supplier has used all reasonable efforts to mitigate the effects of suspension as they may pertain to its Sub-suppliers and the Supply.                                                                                            |
| 26.3 | Если Поставщик считает, что какая-либо приостановка или отмена приостановки такого рода дает основания для изменения Суммы настоящего Договора Поставки или срока его исполнения, Поставщик должен действовать в соответствии с положениями, изложенными в Статье 20. Ни при каких условиях Поставщик не имеет права требовать возмещения потери будущей прибыли, увеличения накладных расходов или любых косвенных, вытекающих или других убытков по причине такой приостановки или отмены приостановки. | Егер Жеткізуші осындай түрдегі қандай да бір тоқтата тұру немесе тоқтата тұруды жою осы Жеткізу шартының Сомасын немесе оны орындау мерзімін өзгерту үшін негіз береді деп есептесе, Жеткізуші 20-бапта жазылған ережелерге сәйкес әрекет етуі тиіс. Ешбір жағдайда Жеткізуші болашақ пайдадан, үстеме шығыстарды ұлғайтудан немесе осындай тоқтата тұру немесе тоқтата тұрудың күшін жою себебінен болатын кез келген жанама туындайтын немесе басқа да залалдарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ. | If the Supplier believes that any such suspension or withdrawal of suspension justifies modification of this Purchase Order Price or time for performance, the Supplier shall comply with the provisions set forth in Article 20. In no event shall the Supplier be entitled to a compensation for any loss of prospective profits, contribution to overhead or any incidental, consequential or other damages because of such suspensions or withdrawals of suspension. |
| 26.4 | Покупатель, по своему абсолютному усмотрению, может дать указание Поставщику возобновить всю или соответствующую часть Поставки, а Поставщик должен как можно скорее исполнить данное указание.                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Сатып алушы өзінің дербес қалауы бойынша Жеткізушіге Жеткізудің барлық немесе тиісті бөлігін қайта бастауға нұсқау бере алады, ал Жеткізуші бұл нұсқауды мүмкіндігінше тезірек орындауы керек.                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | The Buyer, in its absolute discretion, may direct the Supplier to recommence the whole or the relevant part of the Supply and the Supplier shall comply promptly with the direction.                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

## 27 ОТКАЗ ОТ ДОГОВОРА В СВЯЗИ С НЕИСПОЛНЕНИЕМ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ / МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАМАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШАРТТАН БАС ТАРТУ / CANCELLATION OF THE CONTRACT DUE TO DEFAULT

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 27.1 | В случаях, указанных ниже, Покупатель, без ограничения любых других прав или средств защиты, предоставленных Покупателю согласно настоящему Договору Поставки, имеет право в одностороннем порядке без обращения в суд отказать от настоящего Договора Поставки, предоставив письменное «Уведомление об отказе от Договора» Поставщику: | Сатып алушы осы Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушыға берілген кез келген басқа құқықтарды немесе қорғау құралдарын шектемей, Жеткізушіге жазбаша түрде «Шарттан бас тарту туралы хабарлама» бере отырып, осы Жеткізу шартынан сотқа жүгінбей-ақ, біржақты тәртіппен төменде көрсетілген жағдайларда бас тартуға құқылы: | In the cases stated below, the Buyer, without prejudice to any other rights or remedies which the Buyer may have under this Purchase Order has the right to unilaterally, without recourse to a court, cancel this Purchase Order by providing a written 'Notice of Cancellation' to the Supplier: |
| a)   | Поставщик становится финансово несостоятельным (неплатежеспособным); или                                                                                                                                                                                                                                                                | Жеткізуші қаржы жағынан дәрменсіз (төлемге қабілетсіз) болса; немесе                                                                                                                                                                                                                                                    | the Supplier becomes insolvent; or                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| b)   | Поставщик переуступает Товары в пользу своих кредиторов; или                                                                                                                                                                                                                                                                            | Жеткізуші Тауарларды өз кредиторларының пайдасына берсе; немесе                                                                                                                                                                                                                                                         | the Supplier makes a general assignment of Goods for the benefit of its creditors; or                                                                                                                                                                                                              |
| c)   | назначен управляющий имуществом Поставщика в связи с его несостоятельностью (неплатежеспособностью); или                                                                                                                                                                                                                                | Жеткізушінің дәрменсіздігіне байланысты (төлемге қабілетсіз) оның мүлкін басқарушы тағайындалса; немесе                                                                                                                                                                                                                 | if a receiver is appointed on account of the Supplier 's insolvency; or                                                                                                                                                                                                                            |
| d)   | соответствующим судом принято к производству исковое заявление о принудительном банкротстве Поставщика, или                                                                                                                                                                                                                             | тиісті сот өндіріске Жеткізушінің мәжбүрлі банкроттығы туралы талап арызды қабылдаса, немесе                                                                                                                                                                                                                            | the relevant court agreed to hear an involuntary bankruptcy lawsuit, or                                                                                                                                                                                                                            |
| e)   | Поставщик не исполняет любые существенные (по усмотрению Покупателя) положения и условия настоящего Договора Поставки включая, без ограничений, следующее:                                                                                                                                                                              | Жеткізуші осы Жеткізу шартының кез келген (Сатып алушының қалауы бойынша) ережелері мен талаптарын орындамайды, келесілерді қоса алғанда, шектеусіз:                                                                                                                                                                    | the Supplier is in default of any material (as deemed by the Buyer) provision or requirement of this Purchase Order, including, without limitation:                                                                                                                                                |
| i    | Просрочка доставки до Даты Длительной Задержки Доставки;                                                                                                                                                                                                                                                                                | Жеткізуді ұзақ кешіктіру күніне дейін Жеткізуді мерзімінен кешіктірсе;                                                                                                                                                                                                                                                  | Failure to deliver before Delivery Long Stop Date;                                                                                                                                                                                                                                                 |
| ii   | Несоблюдение Налогового законодательства и Уклонение от уплаты налогов, описанное в Статье 16;                                                                                                                                                                                                                                          | 16-бапта сипатталған Салық заңнамасын сақтамаса және Салық төлеуден жалтарса;                                                                                                                                                                                                                                           | Non-Compliance with the Tax Legislation and Tax Evasion described in Article 16;                                                                                                                                                                                                                   |
| iii  | Поставка Товаров, не соответствующих требованиям,                                                                                                                                                                                                                                                                                       | 12.3 -бапта сипатталған талаптарға сәйкес келмейтін                                                                                                                                                                                                                                                                     | Delivery of Non-conforming Goods described in Article                                                                                                                                                                                                                                              |

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|      | как описано в Статье 12.3;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Тауарларды жеткізсе;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 12.3;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| iv   | Нарушение требований по технике безопасности и охране труда, применимых к Поставке или применимых иным образом на Рабочей Площадке Покупателя, включая нарушение требований по раскрытию информации и извещению о травмах и происшествиях.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Ақпаратты жариялау және жарақаттар мен оқиғалар туралы хабарлау жөніндегі талаптарды бұзуды қоса алғанда, Сатып алушының Жұмыс алаңында Жеткізуге қолданылатын немесе өзгеше түрде қолданылатын қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзса.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Breach of health and safety requirements applicable to the Supply or, if relevant, at the Buyer's Site including the requirements to disclose and report injuries and incidents.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 27.2 | После получения Уведомления Поставщику предоставляется 24 (двадцать четыре) часа для того, чтобы обосновать Покупателю, почему ему не следует использовать свое право на отказ от Договора.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Жеткізуші Хабарламаны алғаннан кейін оған Сатып алушыға Шарттан бас тарту құқығын неге пайдаланбау керектігін негіздеу үшін 24 (жиырма төрт) сағат беріледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Upon receipt of the Notice, the Supplier has 24 (twenty-four) hours to show why the Buyer's right to withdraw should not be exercised.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 27.3 | Если Поставщик в течение 24 (двадцати четырех) часов с момента получения Уведомления об отказе от Договора не сможет привести удовлетворительное для Покупателя обоснование того, почему не следует использовать это право, Покупатель, без ограничения любых других прав, которые Покупатель имеет против Поставщика в соответствии с настоящим Договором Поставки вправе:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Егер Жеткізуші Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарлама берілген сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде осы құқықтарды неге пайдаланбау керектігі туралы Сатып алушы үшін қанағаттанарлық негіздеме бере алмаса, Сатып алушы осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушіге қарсы қандай да бір басқа құқықтарды шектеместен, құқылы:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | If the Supplier fails to show, within 24 (twenty four) hours of the date of receipt of the Notice of Cancellation, the cause to the reasonable satisfaction of the Buyer why this right should not be exercised, the Buyer, without prejudice to any other rights that the Buyer may have under this Purchase Order against the Supplier, has the right to:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| a)   | расторгнуть Договор Поставки или отказаться от него (отказ от договора) без обращения в суд путем предоставления Уведомления, в котором указывается, что совершен отказ от Договора Поставки согласно настоящей Статье 27;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Осы 27 -бапқа сәйкес Жеткізу шартынан бас тарту жасалғаны көрсетілген Хабарламаны ұсыну арқылы сотқа жүгінбей-ақ, Жеткізу шартын бұзуға немесе одан бас тартуға (шарттан бас тарту);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | terminate the Purchase Order or withdraw from it (cancellation of the agreement) without recourse to a court by providing a Notice stating that the Purchase Order has been canceled in accordance with this Article 27;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| b)   | полностью или частично забрать из распоряжения Поставщика в свое распоряжение часть Поставки, оставшуюся к исполнению; и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Жеткізушінің иелігінен орындауға қалған Жеткізілімнің бөлігін өз иелігіне толық немесе ішінара алады; және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | take the Supply remaining to be completed wholly or partly out of the hands of the Supplier; and                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| c)   | завершить Поставку по Договору Поставки такими способами, которые Покупатель сочтет целесообразными, при этом Поставщик несет ответственность и своевременно оплачивает Покупателю все прямые и документально подтвержденные расходы и затраты, разумно понесенные Покупателем в этом процессе. Поставщик предоставляет или передает Покупателю любые Товары или право на Поставку в стадии исполнения, которые Покупатель может обоснованно запросить. Частичная Поставка, выполненная Поставщиком в полном соответствии с условиями настоящего Договора Поставки до вступления в силу такого расторжения/отказа, в пределах стоимости осуществленной частичной Поставки, идет в зачет возмещения за дополнительные расходы и затраты, понесенные Покупателем. | Сатып алушы орынды деп санайтын тәсілдермен Жеткізу шарты бойынша Жеткізуді аяқтау, бұл ретте Жеткізуші жауапты болады және Сатып алушыға осы процесте Сатып алушының шеккен барлық тікелей және құжатпен расталған шығыстары мен шығындарын уақытылы төлейді. Жеткізуші Сатып алушыға Сатып алушы негізді түрде сұрай алатын орындау сатысында кез келген Тауарларды немесе Жеткізу құқығын береді немесе ұсынады. Осындай бұзу/бас тарту күшіне енгенге дейін Жеткізуші осы Жеткізу шартының талаптарына толық сәйкес орындаған ішінара Жеткізу жүзеге асырылған ішінара Жеткізу құны шегінде Сатып алушы шеккен қосымша шығыстар мен шығындар үшін өтеу есебіне жатқызылады. | complete the Supply of this Purchase Order by such means as the Buyer reasonably deems appropriate, and the Supplier shall be responsible for and promptly pay to the Buyer any direct and documented costs and expenses reasonably incurred by the Buyer in so doing. The Supplier shall deliver or transfer to the Buyer any Goods or right of Supply in progress as the Buyer may reasonably request. The partial Supply completed by the Supplier in full compliance with the terms of this Purchase Order, prior to such termination/cancellation, shall be applied towards compensation, to the extent of value of such completed partial Supply, of such additional costs and expenses incurred by the Buyer. |

## 28 ПРАВО ПОКУПАТЕЛЯ НА ОТКАЗ ОТ ПОСТАВКИ / САТЫП АЛУШЫНЫҢ ЖЕТКІЗІЛІМНЕН БАС ТАРТУ ҚҰҚЫҒЫ / BUYER'S RIGHT TO CANCEL

